Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай ауданы білім бөлімінің Мичурин жалпы білім беретін мектебі» КММ

Қызықты математика
вариативтік курстың оқу бағдарламасы

2 «Ә» сынып

2022-2023 оқу жылы

Мұғалім: Жанділда А.Д

Түсінік хат

Баланың ақыл-ойының дамуы тек белгілі білім көлемін ғана емес,танымдық іс-әрекет амалдары мен тәсілдерін игерумен бірге есте сақтау,ойлау,елестеу,танымдық,шығармашылық қабілеттерін дамуын тұтас қамтиды.

Қызықты математика сабақтарында оқушылардың ойлау қабілетін дамытатын,әр пәнге деген қызығушылығын арттыратын жұмыс түрі логикалық қызықты тапсырмаларды орындау оқушыны тапқырлыққа,шапшандыққа,тез есептеуге,өздігімен шешім қабылдауға,салыстыруға функционалдық қасиеттерін дамытады.

Өзектілігі:

- Баламен жеке дара жұмыстар жүргізілу барысында оның жан-жақты дамуына, қоғамға бейімделуіне жағдай туғызу;
- Сынып ұжымында әр түрлі деңгейдегі оқушылардың өздерін емін еркін ұстауға бейімдеу;
- Балада болашаққа деген басқаша көзқарас қалыптастыру.

Мақсаты:

-Қызықты ойындар мен тапсырмаларды орындауда пәнге деген қызығушылықты арттыру.

-Оқушылардың зейінін, есте сақтау, байқағыштық , қиялдау, танымдық іс-әрекеттерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу. Көру, есту, ойша елестетуді, есептей білуін қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелер:

-математикалық түсініктерді меңгереді,

-логикалық ойлау қабілеті дамиды;

-кеңістік денелерді, геометриялық фигураларды ажыратып, есте сақтау қабілеті артады;

-шапшаң есептеу.Өз бетінше есептер құрастыра білу дағдысы қалыптасады.

Берілген тапсырмалар жұмыс дәптерлеріндегі тапсырмалар нәтижесі оқушылар портфолиосына жинақталады.

Таңдау курсының мазмұны

I-бөлім. Қарапайым математикалық есептеулер

Сурет бойынша есептер құрастыру. Ондықтарды, жүздіктерді ауызша қосу және азайтуды тереңірек меңгерту. Мәтінді есепке байланысты теңдеулер құру және оларды есептеу. Көбейту және бөлу амалдарын меңгерту, көбейту кестесін жаттату. Көбейту және бөлу амалдарының өз ара байланысын меңгерту.Оқушылардың білімдерін саралау мақсатында деңгейлік тапсырмаларды орындату.Эстафеталық ойын есептерді еркін, әрі жылдам орындатуға баулу.

II-бөлім. Қызықты математикалық есептер

Өрнектер, жақшалы есептерді шығарту және амалдардың орындалу тәртібін сақтауға үйрету.Қызықты математикалық тапсырмаларды өз бетімен орындату.Өзіндік жұмыстар мен тапсырмаларды қызықты математикалық ойын есептері арқылы орындауға үйрету.Түрлі математикалық тапсырмалар мен ойын есептерін шығара отырып, математика пәніне деген қызығушылығын арттыру.

III -бөлім. Логикалық ойлауға арналған есептер

Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға арналған есептер шығартуға үйрету,танымдық белсенділігін арттыруға арналған тапсырмалар орындату. Логикалық оқыту тапсырмаларын назар аудару, елестету,есте сақтау, зейінді дамыту және ойша тұжырымдама жасатуға қалыптастыра отырып орындату.

IV-бөлім. Қазақтың байырғы өлшемдері

Қазақ халқының математикалық білімінің қолданыс жағы басымдау.Ол осынысымен құнды.Осылай десек те қазақтың білімінің тамыры терең.Олар қазіргі тілмен алғанда санаудың әр түрлі жүйесін пайдаланған.Осы туралы қосымша мәлімет беремін.Қазақтың байырғы өлшемдері әдебиетпен байланысып көрсете білген,бұл берілген жұмысты математикадан таңдау сабақтарында оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыра отырып,логикалық ойлау қабілеттерін кеңінен дамытуға болады.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар.
«Қызықты математика» таңдау курсы.
Аптасына -1сағ.

р/с	**Тақырыбы** **I- бөлім.Қарапайым математикалық есептеулер.**	**Мерзімі**	**Сағаты**	**Оқытудың формалары мен тәсілдері**
1	Сандарды разрядтық қосылғыштарға жікте	07.09	1	Жеке,жұптық тапсырмалар.
2	Масса өлшем бірліктерін аудару	14.09	1	Дидактикалық ойындар
3	Уақыт өлшем бірліктерін аудару	21.09	1	Дидактикалық ойындар
4	Ұзындық өлшем бірліктерін аудару	28.09	1	Жұптық,жеке жұмыс
5	Сөз есептер	05.10	1	Тест,өзіндік тапсырмалар
II	**Қызықты математикалық есептер.**			
1	Кері есептер	12.10	1	Жұптық,жеке жұмыс
2	Екі таңбалы сандарды қосу,азайту	19.10	1	Ұжымдық жұмыс
3	Екі амалмен шығарылатын есептер	26.10	1	Жұптық жұмыс
III	**Логикалық ойлауға арналған есептер.**			
1	Балалардың даму деңгейін анықтау	09.11	1	Жеке жұмыс
2	Балалардың даму деңгейін анықтау	16.11	1	Топпен жұмыс
3	Балалардың даму деңгейін анықтау	23.11	1	Тест тапсырмалар
4	Зейінді топтауды дамыту	30.11	1	Топтық жұмыс
5	Назар аударуды дамыту	07.12	1	Жұппен жұмыс
IV	**Қазақтың байырғы өлшем бірліктері**			
1	Мүшел жас	14.12	1	Жеке жұмыс
2	Мүшел жас	21.12	1	Топпен жұмыс
3	Жыл мезгілдерінің атаулары	28.12	1	Тапсырмалар орындау
4	Тәулік мезгілдерінің атаулары	11.01	1	Тест жұмыстар
5	Тәулік мезгілдерінің атаулары	18.01	1	Жеке жұмыс

6	Қолмен өлшейтін ұзындық өлшемдері	25.01	1	Топпен жұмыс
7	Қашықтық өлшемдері	01.02 08.02	2	Жұптық жұмыс
8	Тереңдік өлшемдері	15.02 22.02	2	Тест тапсырмалары
9	Ауырлық өлшемдері және есептер шығару	01.03 15.03	2	Топпен жұмыс
10	Периметрін табу.	28.03 04.04	2	Жұппен жұмыс
11	Аудан өлшемдері ж/е есептер шығару	11.04 18.04	2	Топпен жұмыс
12	Жұмбақ есептер	25.04 02.05	2	Сөз жұмбақ
13	Ребустар шешу	16.05 23.05	2	Тес тапсырмалары
14	Қорытынды сабақ	30.05	1	

Өз жұмысыңды бағала.

Тапсырманы орындаған соң өз жұмысыңды бағала.

Дәптердің соңына фигуралардың суретін сал:

Қызыл шаршы--- «өте жақсы»

Көк шаршы -- «жақсы»

Сары үшбұрыш—«орта